

«Үлкен үзіліс - 2023» қалалық жобасының өткізу
Ережесі

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже жалпы білім беретін ұйымдардың 5 – 9 сынып оқушыларына арналған қалалық шығармашылық жобасы (бұдан әрі – ереже) туралы ұйымдастыру және өткізу тәртібін, қатысу тәртібін, мақсаттары мен міндеттерін анықтайды.

2. Жобаның мақсаттары мен міндеттері:

- сынып ұжымдарының шығармашылық түрде өзін-өзі ұйымдастыруын, өзін-өзі жүзеге асыруын, өзін-өзі бақылауын дамыту;

- шығармашылық жоба процесінде дарынды балалардың ұжымдық ынтымақтастығын анықтау, қолдау және кеңейту;

- қосымша білім беру жүйесі арқылы балалар мен жасөспірімдердің жан-жақты қажеттіліктерін қалыптастыру үшін ашық әлеуметтік кеңістік құру.

II. Қатысушылар:

Жобаға жалпы мектепшілік байқаулардың жеңімпаздары атанған Павлодар қаласының жалпы білім беру мектептерінің 5-9 сыныптары қатысады.

III. Қазылар алқасы:

Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады. Ұйымдастыру комитеті байқауды өткізу тәртібі мен мерзімдерін айқындайды; қазылар алқасының құрамын қалыптастырады; байқаудың қорытындыларын талдайды және қорытады; келесі кезеңдерге қатысатын сынып ұжымдарын айқындайды. Әділ қазылар алқасының құрамына қалалық білім бөлімінің, педагогикалық еңбек ардагерлері кеңесінің, ата-аналар қауымының, мектептен тыс мекемелердің және басқа да мүдделі құрылымдардың өкілдері кіреді.

IV. Өткізу тәртібі:

«Үлкен үзіліс - 2023» жобасы оқу жылы бойы өтеді. Жоба 7 кезеңнен тұрады. Мектептен бір сынып қатыса алады.

Әр кезеңде төмен балл алған сынып ұжымдары жобадан шығып отырады.

№	Іс - шара	Өткізу түрі	Іске асыру мерзімі
1	Спорттық эстафета «Стартуют все!»	Спорттық және сауықтыру кезеңдері	Қазан 2022 ж.
2	Театралды қойылым «Театр өмір айнасы»	Ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылық көрініс көрсетуі	Қараша 2022 ж.
3	«Жайдарман LIFE»	Топтық ойын	Желтоқсан 2022 ж.
4	«Сынып тынысы»	Өз сыныбымен таныстыру	Қаңтар 2023 ж.
5	«Самый классный «классный»	Сынып жетекшіні қызықты түрде таныстыру. Ата-аналар бұл жарысқа дайындалуға көмектесе алады.	Ақпан 2023ж.

6	«Біз және айналамыздағы мейірімділік»	Жыл бойы жасаған мейірімділікке есеп беру.	Наурыз 2023ж. (жыл бойы)
7	Концертті бағдарлама «Мектеп STARS»	Әр сынып ұжымы өз мектептерінде іс-шара ұйымдастырады.	Сәуір 2023ж.
8	Финал	Бейнефильм байқауы: жобаға қатысушылардың жұмысы туралы, директормен, мектеп мұғалімдерімен, байқауға қатысушылар туралы сұхбат, шығармашылық эксклюзивті презентация, фильм-слайд	Мамыр 2023ж.

V. Жобаны қорытындылау және марапаттау рәсімі

«Үлкен үзіліс – 2023» қалалық жобасының қорытындысы бойынша финалистер анықталады. Жобаның мәресінде жүлделі орындарға ие болған сынып ұжымдары ауыспалы кубокпен және дипломдармен марапатталады.